



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

- ✓ предоставлять дополнительное время для завершения задания;
- ✓ чередовать занятий и физкультурные паузы;
- ✓ стараться разнообразить работу на уроке. Оптимально провести около семи смен деятельности за урок. Желательны задания, которые не предполагают дефицита времени на их выполнение [4, 11].

#### **Список литературы:**

1. Дмитриева Т. П. Инклюзивное образование. Выпуск 3. «Организация деятельности координатора по инклюзии в образовательном учреждении». — М. «МИРОС», 2010.
2. Алехина С. В., Зарецкий В. К. Инклюзивный подход в образовании в контексте проектной инициативы «Наша новая школа» // Психолого-педагогическое обеспечение национальной образовательной инициативы «Наша новая школа». — М., 2010. С. 104—116.
3. Назарова Н. М. Интегрированное (инклюзивное) образование: генезис и проблемы внедрения» // Научно-методический журнал «Коррекционная педагогика». 2010. № 4 (40).
4. Рубцов В. В. Психолого-педагогическая подготовка учителей для новой школы // Психологическая наука и образование. 2010. № 1 — С. 5—12.

### **ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Ильясова Жазира Айтуарқызы,  
Баймолдина Айжан Балтабаевна,  
Рахимова Шынар Оразалыевна,  
Ғ.Қайырбеков атындағы № 9 орта мектебі

#### **Аннотация**

*Бұл мақалада Заманауи мектепте инклюзивті білім берудің маңызы қазіргі кездегі өзекті тақырыптардың бірі маңызы жайында жазылған. Мақаланың мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру, тәрбиелеудің маңызы көрсетілген және қалыпты оқушылармен бір сыныпта білім алып тәрбиеленуіне жағдай жасау. Өз тәжірбиемізді пайдалана отырып мүмкіндігі шектелулі оқушыларды оқшауламай-ақ оқытып, тәрбие беруге болады. Жаңа технологияның әдіс – тәсілдері оқушы үшін пайдалы екенін дәлелдеп тәжірбиеде пайдаланып жүргені баяндалады. Мұғалім сабақты жүйелі түрде мазмұнды әрі мағыналы ұйымдастырған жағдайда инклюзивті оқытудың да ерекше білімді, дарынды шәкірт қалыптасуының нәтижесі дәлелдеп көрсетеді.*

#### **Аннотация**

*В этой статье важность инклюзивного образования в современной школе подчеркивается как одна из актуальных проблем современности. Цель статьи - помочь детям-инвалидам узнать о важности образования и воспитания, а также предоставить им стандартизированное образование и обучение в классе. Используя наш опыт, студенты с ограниченными возможностями могут обучаться и обучаться без изоляции. Заявлено, что новая технология использует методы, чтобы доказать, что это полезно для ученика. Инклюзивное образование также доказывает результат формирования особого, талантливого ученика, когда учитель регулярно организует урок содержательно и осмысленно.*

#### **Abstract**

*In this article, the importance of inclusive education in modern school is highlighted as one of today's topical issues. The purpose of the article is to help children with disabilities learn about the importance of education and upbringing, and provide them with a standardized education and classroom education. Using our experience, students with disabilities can be trained and educated without isolation. It is stated that the new technology uses techniques to prove that it is useful to the learner. Inclusive education also proves the result of the formation of a special, talented student, when the teacher regularly organizes the lesson meaningful.*

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә Назарбаев «Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында «Мүмкіндігі

шектеулі азаматтарға көбірек көңіл бөлу керек.» Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналу керек. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болу керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз ету қажет деп атап өткен еді.

Осылайша [Қазақстан Республикасын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне енгізу, олар үшін қолжетімді ортаны қамтамасыз ету тетіктері белгіленген болатын. Осы орайда қазіргі инклюзивті білім беруді қолдану бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл – ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда]. 1.Білім алуда әр оқушының өз қабілеті әрі өзіндік ерекшеліктері бар. Әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы әр түрлі деңгейде.Инклюзивті білім беруді дамытудың екі магистральді бағыты: Бірінші бағыты: - бала дамуындағы психофизиологиялық бұзылыстарды ерте жас кезеңінде (0 мен 3 жасқа дейін) анықтау және түзетушілік – педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру. Екінші бағыты – мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуде «Кедергісіз аймақтар» құру арқылы жалпы білім беру үдерісіне енгізу. Бірінші бағыты: Ерте көмек көрсетудің артықшылығы. Түзетушілік – педагогикалық жұмыстардың нәтижесінің жоғары болуы.

Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға да сабақ беру барысында ерекше қажеттіліктерін ескере отырып ақпараттық –технологияны пайдаланған жөн. Ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау таратудағы техникалық құралдар мен әдістердің жиынтығы және әлеуметтік – техникалық басқару мүмкіндігін жетілдіру оқушылардың білімін кеңейтуде әсері мол. [Ақпараттық коммуникациялық технология – қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық – әдістемелік құралдармен әдістерінің жиынтығын пайдаланудың маңызы зор]2. Әр оқушының жеке жұмыс жүргізу барысында тиімді қолдану мен бағалау, оларды таңдау қабілеттілігі артады. Оқушыларды қимыл – қозғалыс тудыратын сергіту ойындармен, қойылым көрсету, көрнекіліктерді ұстап сезу әдістерін сабақта тиімді пайдалану арқылы түзетушілік, дамытушылық қабілеттерін баланың бойына сіңіруге болады. Бұл ұсыныстармен мүмкіндігі шектеулі бар балалар оқитын пән мұғалімдеріне сабақты деңгейлі тапсырмалар арқылы оқушыларды қалыпты балалармен бірге тең білім беру ұсынылады.[ Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі оқушылардың тең қабілеттікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптасады]3. Осы бағыттық білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Қаламыздағы Ғафу Қайырбеков атындағы №9 орта мектебінің былтырғы түлегі Мухтарова Малика мүмкіндігі шектеулі болса да көптеген биіктерді бағындыра алды. Сынып оқушыларынан оқшауланбай ,белсенді бола білді.

Инклюзивті, үйден білім алу сыныптардағы оқыту жағдайы.

Қостанай қаласының білім беру кеңістігінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында қойылған арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру міндеті іске асырылуда. Қостанай қаласында арнайы сыныптар желісі құрылды: 6 мектепте 276 оқушыны қамтитын 30 арнайы сыныптар құрылып, жұмыс істеуде. Даму қажеттіліктері ерекше балаларды сүйемелдеу үшін білім беру-түзету қызметтерінің деңгейін арттыру, арнайы білім беру желісін кеңейту мақсатында осы жылы Қостанай қаласының №22 ОМ базасында көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған арнайы сынып ашылды. Арнайы сыныптар желісі психикалық дамуы тежелген, сөйлеу қабілеті бұзылған, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған сыныптармен қамтылған. Сонымен қатар, ерекше

қажеттіліктері бар балалардың толыққанды білім алуы мақсатында 29 мектепте 406 оқушыны қамтитын инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қостанай қаласында білім беру ұйымдарында мүгедек балалардың білім беру объектілеріне қол жетімділігін "кедергісіз аймақтар" құру бойынша жұмыс жүргізілуде. 2018-2019 оқу жылының басында 33 білім беру ұйымдарында физикалық кедергісіз қол жеткізу үшін жағдай жасалған. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың толыққанды білім алуы мақсатында мектепте 10 оқушыны қамтитын инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған. Оның ішінде, денсаулығына байланысты 3 Ә сынып оқушысы Жұмағұл Дастан үшін үйде оқыту ұйымдастырылған. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты бойынша құжаттар қабылданды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға мектеп психологы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіп отырады. Мектеп психологтары ПМПК ұсыныстары бар балалар туралы ақпаратты біледі. Оқушыларға жеке папкалар арнап, балалардың дамуындағы психологиялық ерекшеліктерді анықтау үшін әр түрлі диагностика жүргізеді, алайда осы зерттеулердің нәтижелері кейіннен жұмыста қолданылуы аз. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру барысында балаға жеке жұмыс көрсетудің негізгі нысаны сабақ болып табылады. Мұғалімдердің сабақ жоспарларын зерделеп, педагогтардың сабақтарына қатыса отырып, мұғалімдер оқушылардың ойлау іс-әрекетін белсендіру үшін сабақта жұмыстың белсенді формалары мен әдістерін қолданатынын атап өткен жөн. Мұғалімдер сабақтарында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды бірдей қызмет түрлеріне қосу, оқытудың ұжымдық түріне тарту байқалады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау жүйесі логопедтік кабинеттердің жұмысын қамтиды. Қостанай қаласының жалпы білім беретін мектептерінің базасында 1067 оқушыны қамтитын 28 логопедиялық пункт жұмыс істейді. Түзету көмегін алған балалар ұлғайғандықтан, осылайша аталған балалар санының жыл бойы ұлғаю үрдісі байқалады. Тиімді кіріктірілген оқыту жалпы білім беретін мектептердің педагогтарын арнайы даярлау жағдайында ғана мүмкін болады. Қостанай қаласының ұйымдарында инклюзивті білім беруді 999 педагог қамтамасыз етеді. Жалпы білім беру үдерісіне біріктірілген балалармен жұмыс бойынша курстық дайындықтан 297 адам (29,7%) өтті. Баланың үйден оқуының және тәрбиеленуінің шешімі оның ауруының салдарына байланысты арнаулы психологиялық-медициналық-педагогикалық анықтамамен рұқсат етіледі. Мұндай жеке тегін үйден оқу мен тәрбиелеу жұмыстары білім беру орталықтарының арнаулы мамандарымен және реабилитациялық орталық, психологиялық-медициналық- педагогикалық кеңестің шешімімен және психологиялық-педагогикалық сараптамамен рұқсат етіледі. Денсаулығына байланысты Жұмағұл Дастан 1-сыныптан бері үйден оқып келе жатыр. Оқушыны қабылдаған күннен бастап психолог және логопед кесте бойынша жұмыс жасады. Арнайы сабақ жоспары, оқушы күнделігі арналды. Дастанның талабы, оқуға деген қызығушылығы жақсы. Қабылдауы, есте сақтау деңгейі жақсы жетілген. Дегенмен де кейде ауа райына, алатын емдік шараларына байланысты қиындықтар кездесіп жатады. Дастанның қимылдары шапшаң, барлық әсерге эмоцияналды тез жауап береді, оның сезімдері оның сыртқы қылықтарынан көрінеді, ашулануы байқалмайды.


Ғафу Қайырбеков атындағы №9 орта мектебінің былтырғы түлегі Мухтарова Малика (сурет 1) мүмкіндігі шектеулі болса да көптеген биіктерді бағындыра алды. Сынып оқушыларынан оқшауланбай, белсенді бола білді. Ол 7 жасында-ақ Астана қаласында өткен бірінші вокальды конкурста топ жарған болатын. Малика мүмкіндігі шектеулі жандардың «Үміт-Надежда» қоғамдық бірлестігіне құрамына кіреді. Оның

спорт-балдық бимен айналысуы жаңа жетістіктер мен жеңістер әкеледі. 2015 жылы Мухтарова Малика спорт-балдық би бойынша Қостанай облысының бес дүркін чемпионы болды. Малика – Әлем кубогының, құрлық аралық кубоктардың қатысушысы. Мухтарова Маликаның спорттағы жетістіктері оның қажыр-қайраты мен ерік-жігерінің арқасы. Ол Азия чемпионатында екі алтын медаль жеңіп алған. Арбадағы би бойынша халықаралық спорт шебері. Жүз жаңа есім жобасының финалисті.



(Сурет 1). Мухтарова Малика

Мектебімізде инклюзивті білім беру жүйесіне байланысты 7 сынып оқушылар ата – аналарынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 48 ата – ана қатысты (сурет 2). [Сұрағы сіз өз балаңыздың мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге оқуына қалай қарайсыз? ] 4. Нәтижесінде мынадай көрсеткіш көрсетті



(Сурет 2 сауалнама) қорытындысы

Жоғардағы сауалнама көрсеткішіне сәйкес қоғамдағы ата – аналардың көбісі мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты балалармен тең білім алып тәрбиеленуіне қарсылық білдірмейді. Қорыта келгенде қоғамдағы адамдармен қарым – қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік беретін жағдай туғызу қажет. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2008.
2. Заркенова Л.С., Омарова Н.Н., Ильясова Б.И. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педогогикалық түзету арқылы қолдау туралы. //ҚР 2002 ж № 343 заңы Аранайы педагогика (Мәтін)/ – Алматы: Эверо, 2014 – 180 б.
3. Назарова Н.М. Специальная педагогика (Текст): Учебное пособие для студ. Высш. Учеб. Заведение/ 8 –е изд., - М: Академия, 2008. – 400с.

<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В.,</i> Национальная политика в контексте идеи «мәңгілік ел».....	251
<i>Шевцова С. Н., Тихонова Л. В.,</i> Формирование духовных ценностей и приоритетов подрастающего поколения – ключевая миссия современной воспитательной системы.....	255

## СЕКЦИЯ 2. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

### СЕКЦИЯ 2. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Амренова К. З., Умарова Б. А., Хасенова М. М.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы.....	263
<i>Арыстан Н. Н., Кенжегарина А. Ә., Жармұқамбетова А. А.,</i> Инклюзивті оқыту негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	267
<i>Аппазова С. А., Нуржанова А. М., Жақупова У. Е.,</i> Инклюзивное образование: взгляд изнутри.....	271
<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	274
<i>Балтабаева Ш. А., Махметова С. М., Умарова Р. М.,</i> Қазіргі заманауи мектептердегі инклюзивті оқыту.....	277
<i>Бекенова А. К.,</i> Инновационный образовательный проект в условиях социализации и адаптации детей - сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, и детей из малообеспеченных семей.....	280
<i>Белякова С. Р., Ержанова Р. К.,</i> Разработка учебника как стратегическое средство повышения профессиональной компетентности педагога в рамках обновления содержания образования.....	284
<i>Влад Ю. Ю., Пличкина С. Ф.,</i> Современные тенденции образования в Республике Казахстан в контексте «Рухани жаңғыру».....	288
<i>Грудунс К. Я., Данилова В. В.</i> Теоретические аспекты работы педагога с семьей, воспитывающей ребенка с ограниченными возможностями здоровья.....	292
<i>Досмагамбетов В.Ш.,</i> Здоровьесберегающие технологии как фактор сохранения здоровья школьников.....	297
<i>Доцанова Б. М.,</i> Инклюзивное образование в Костанайской области.....	300
<i>Ельжанова Г. М., Исиргенова Н. С.,</i> Сабакты зерттеу (Lesson Study) тәсілінің ерекшеліктері.....	305
<i>Ерденова Ж. К.,</i> Казахстан – безбарьерная зона обучения.....	308
<i>Заречнева О. И.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы.....	311
<i>Ильясова Ж. А., Баймолдина А. Б., Рахимова Ш. О.,</i> Заманауи мектепте инклюзивті білім берудің маңызы.....	314
<i>Калакова А. С.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы и вуза.....	318
<i>Калиева З. С., Муканова С. Ж.,</i> Инклюзивті білім беру – болашақ кепілі.....	321
<i>Құсайын О. Т., Сейтқазы З. М., Ергалиева А. К.,</i> Инклюзивті білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері.....	324
<i>Лантух Я. С., Иванова Е. Н.,</i> К вопросу о некоторых направлениях подготовки будущих учителей к осуществлению инклюзивного образования детей.....	329
<i>Мухамедзянова Р. Н.,</i> Перспективы инклюзивного образования.....	332